



ХҒТАР 03.61

<https://doi.org/10.32523/2616-6887-2025-153-4-252-265>

Ғылыми мақала

Қазақтың ұлттық киімі – қазақ мәдениетінің маңызды және ажырамас атрибуты

Т.Н. Болсынбек¹, Н.Н. Кадримбетова*¹

Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі, Астана, Қазақстан

(E-mail: tbolsynbek77@gmail.com, n.kadrimbetova@gmail.com)

Андатпа. Ұлттық киім – белгілі бір халықтың тарихын, өмір сүру салтын, дүниетанымын көрсететін маңызды, әрі мәдени құндылықтардың бірі болып табылатындықтан, қазақтың дәстүрлі киімі де – ұлтымыздың мәдениеті мен рухани болмысының ажырамас белгісі іспетті. Ғылыми мақалада қазақтың ұлттық киімі этномәдени тұрғыдан қарастырылып, талданады. XVIII ғасырдағы қазақтардың тарихын, рухани өмірі мен материалдық мәдениеті оның ішінде ұлттық киімінің өзіндік ерекшеліктерін сипаттаған түркітанушы-ғалым А.И.Левшин, поручик Д.Гладышев пен геодезист И.Муравин сынды орыс зерттеушілерінің, поляк суретшісі Б. Залесскийдің мәліметтерін алғашқы дерек көздің бірі ретінде пайдалана отырып, сондай-ақ, отандық этнограф ғалымдар Ә.Х. Марғұлан, И.В. Захарова, Р.Д. Ходжаева, Р.Ш. Кукашев, Н.Ә. Әлімбаев, Б.С. Какабаев, жазушы С.М. Мұқанов және т.б. да зерттеушілердің қазақтың ұлттық киім түрлеріне қатысты жазған еңбектері негізге алынады. Бұл айтылғандармен қатар, XIX ғасырда өмір сүрген қазақтың дауылпаз ақыны М.Өтемісұлының жыр жолдарынан қазақтың кейбір ұлттық киім түрлерінің ерте кезден дәстүрлі қазақы ортада қолданыста болғаны туралы дәлел ретінде мақалада мысалға келтіріледі. Байырғы қазақтар киімдерін төрт түлік малдың иірілген жүнінен шәлі, мойын орауыш, кеудеше, шапан, күпі, қолғап, шұлық т.с.с. тоқығаны, ал, малдың иленген терісінен тон, қаптама, камзолша сияқты сырт киімдер мен аяқ киімдер тіккені, сонымен бірге, қазақтың бай-ауқаттылары бағалы бас киімдері мен сырт киімдерінің кейбірін аққу, гагара, қасқыр, түлкі, кәмшат, бұлғын, жанат, күзен, құндыз, сусар жабайы аң-құс терілерінен тіктіргені туралы кеңінен сөз болады. Манат, барқыт, шұға, мауыт, атлас, қырмызы, торғын қамқа тәрізді мата түрлерімен киімдер сыртын тыстаған. Торғын, дүрия, шағи, лейлек, бәтес, патсайы, сусыма, атлас, шәйі, сұпы тәрізді маталардан көйлек және т.б. киім түрлерін тіккендігі айтылады. Қазақтың дәстүрлі киім түрлері

Түсті: 03.05.2025; Мақұлданды: 25.11.2025; Онлайн қолжетімді: 30.12.2025

төрт (бас киімдер, сырт киімдер, бой киімдер, аяқ киімдер) топқа бөліп қарастырылып, әрқайсының өзіндік ерекшеліктері айтылады. Мысал ретінде, 1860 жылы Санкт-Петербургте Ресей императорының қабылдауында болған Орынбор облысы қазақтарының 4-ші депутациясы өкілдерінің салтанатты киімде бейнеленген фотоқұжаттары, Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі қорындағы бірнеше киім түрлері фотосуреттері мен сипаттамалары беріледі. Сондай-ақ, қазақтың дәстүрлі киім атауларымен байланысты кейбір ұғымдар мен атауларға түсініктеме беріледі.

Түйін сөздер: киім, мұрақ, сәукеле, шапан, қаптама, тері, жүн, бас киім, бой киім, сырт киім, аяқ киім, фотоқұжат.

Кіріспе

Қазақтың ұлттық киімі көптеген ғасырлар бойы үнемі дамып қалыптасқан. Ол халықтың салт-дәстүрін, мәдениетін, әлеуметтік мәртебесін, тұрмыс-тіршілігін бейнелейтін материалдық әрі рухани мұрасы, ұлттың айнасы. Киім тек тұтынатын бұйым ғана емес, сонымен бірге, халықтың эстетикалық талғамын, әлеуметтік жағдайын, жас ерекшелігін, жыныстық және этникалық айырмашылықтарын білдіретін күрделі мәдени феномен. Дәстүрлі қазақ киімі тарихи-мәдени мұрамыз ғана емес, бүгінгі қоғамда да өзінің өзектілігін жоғалтпаған, уақыт, жыл өткен сайын жаңа мағына мен қолданыс тауып келе жатқан ұлттық құндылығымыз болып табылады. Бір сөзбен айтқанда, тұтас бір этникалық идентификацияның көрінісі.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Ғылыми мақала қазақтың ұлттық киімдері туралы 1740-1741 жылдары Орынбор Драгун полкінің поручигі Д. Гладышев пен геодезист И. Муравиннің қазақтардың ерлер мен әйелдері киген ұлттық киімдері туралы келтірген дерегінен бастап, қазақтың дәстүрлі киім түрлерін зерттеген басқа да тарихшы, этнограф ғалымдардың еңбектеріне сүйене отырып жазылды. Мақалада пайдаланылған мәліметтер әдебиеттер мен деректер тізімінде көрсетілді. Салыстырмалы әрі қосымша материал ретінде кейбір зерттеушілердің тақырыпқа тікелей немесе жанама қатысы бар, тақырыптың жекелеген қырларын қозғайтын зерттеулері жазу барысында пайдаланылды. Мақаланы жазуда ғылыми жүйе, тарихи принцип сақтала отырып, айтылған әрбір ой-пікірге авторлар тарапынан саралау жасалды. Зерттеу барысында хронологиялық, әрі тақырыптық жіктеу жұмыстары жүргізілді, методологиялық әдіс-тәсілдер қолданылды.

Қазақтың ұлттық киімін зерттеп, ғылыми айналымға енгізіп, деректік базасын толықтыруда орыс зерттеушілері А.И. Левшин, П.С. Паллас, И.Г. Георги, И.И. Фальк, Д. Гладышев, И. Муравин, Л.Ф. Попова, И.В. Стасевич отандық ғалымдар Ә.Х. Марғұлан, Х.А. Арғынбаев, Ө.Ж. Жәнібеков, И.В. Захарова, Р.Д. Ходжаева, М.С. Мұқанов, С.Қ. Қасиманов, Ә. Тәжімұратов, Р.Н. Шойбеков, Н.Ә. Әлімбаев және т.б. еңбектері орасан зор. Аталған зерттеушілердің еңбектерінен қазақтың ұлттық киімі туралы көптеген құнды мәліметтер кездестіруге болады. Кейбір авторлардың еңбектерінің мазмұнына қысқаша тоқталып өтсек. Мысалы, Орынбор Драгун полкінің поручигі (лейтенанты) Д. Гладышев пен геодезист И. Муравиннің 1740-

1741 жылдары Ор бекінісінен Хиуаға және кері бағыттағы сапарының қорытынды есебінде Кіші жүз қазақтарының ерлер мен әйелдер киімдерін сипаттай отырып, оны туыс халық қарақалпақтардың киім-кешектерінде кездесетін айырмашылықтармен салыстырып өтеді. Мәлімет ертедегі дерек көздердің бірі саналғандықтан сонысымен құнды (Ханыков 1851: 69). Түркітанушы А.И. Левшин зерттеу еңбегінде қазақ ерлері мен әйелдері киген киімдерге арнайы тоқталады. Онда қазақтардың киімі Азияны мекендеп жатқан басқа да халықтардыкі сияқты ұзын, әрі етек-жеңі кең, деп сипаттайды (Левшин 1832: 42). «Казахская национальная одежда (XIX – начало XX века)», деген атпен жарық көрген этнограф-ғалымдар И.В. Захарова мен Р.Д. Ходжаеваның авторлық еңбектерінде Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнография институты ұйымдастырған, сондай-ақ, аталған зерттеушілердің 1951-1963 жылдары Қазақстан және Ресейдің Таулы-Алтай автономиялық облысының Қош-Ағаш ауданының қазақтарына жүргізген этнографиялық экспедициялары мен түз жазбалары барысында жинақталған материалдар негізге алынған. Еңбектегі XIX ғасырдың II жартысы бойынша келтірілген деректер көнекөз қариялардың аузынан жазып алынған мәліметтер мен ел ішінде сақталып қалған көне киімдер мен әшекейлердің негізінде жазылған. Аталмыш еңбекте қазақтың жылдың төрт мезгілінде киетін киім-кешек түрлеріне кеңінен сипаттама берілген (Захарова, Ходжаева 1964). Профессор Н. Әлімбайдың ғылыми жетекшілігімен 2009 жылы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейі коллекциялары негізінде жарық көрген «Қазақтың дәстүрлі киім-кешегі» атты ғылыми каталогта хронологиялық шеңбері XVIII-XX ғғ. ортасына дейінгі аралықты қамтитын 371 музейлік экспонаттар бас киімдер, сырт киімдер, бой киімдер және аяқ киімдер құрылымдары бойынша топтастырылып, атрибуцияланған. Каталогта қазақтың ұлттық киімі туралы мол мағлұмат бере отырып, киім-кешектің пішілуі, тігу техникасы, материалы, жасалған мерзімі, регионы, тіпті шебері, сынды құнды деректер иллюстрациялармен қамтылған (Әлімбай 2009). Сондай-ақ, Н. Әлімбайдың ғылыми редакторлығымен жарық көрген «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» атты 5 томдық энциклопедиялық еңбекте қазақ этнографиясына қатысты көптеген мәліметті айтпағанның өзінде, тек қазақтың ұлттық киім түрлерінің дәстүрлі ортада ғасырлар бойы жетілдіріліп, дамуы, қолданылуы, әр киімнің функционалдық қызметі туралы ғылыми тұрғыда мол мағлұмат береді (Әлімбай, 2017).

Нәтижелер мен талқылаулар

Қазақтар киім-кешектерін төрт түлік малдың иірілген жүні мен иленген терісінен тіккен. Керегіне қарай матаны да тұтынған. Әсіресе түйе, қой-ешкі жүнін, түбітін (биязы жүн) қолданады. Түйе, қой жүні барынша мықты, төзімді, бойдағы жылуды жақсы сақтайды одан кеудеше, шұлық және т.б. киім-кешек түрлері дайындалады. Жүні бояуды бойына жақсы сіңіріп, көп жылдарға дейін өң-түсін жоғалтпайды. Ал, ешкі түбіті жылуды жақсы сақтайтындықтан шәлі, мойынорауыш, қолғап тоқиды. Нарықтық бағамда ешкінің қылынан гөрі түбіті қымбат тұрады. Түйенің жабағы жүнінен (көктем кезіндегі ұйысқан жүні) шидем шапан, күпі дайындайды. Себебі, қыстық киімдерді әзірлеуде түйе шудасы иіруге оңай, майда, мықты болып келеді. Ал, күзем жүннің (көктемнен күзге дейін өскен жүн) талшықтары қысқа, иіруге келмейтіндіктен басып киізден қалпақ, кебенек, жүн байпақ, пима әзірлейді (Болсынбек 2021: 340-341). Киімге қажет киізді ақ

түсті жүннен әзірлеген, оны қойдың жұмсақ мойын жүнінен алған. Ертеде қарын жүннен (қозының жазда алғаш рет қырқылған таза, жұмсақ жүні) жаялық, жөргек сияқты бұйымдар дайындаған.

Қазақ әйелдері тоқылатын баскиім, кеудеше, қолғап түрлеріне қолданатын мал жүнін бояу қажет болса, түрлі өсімдік тамыры мен сабағын күзде піскен уақытында жинап, тазалап, жуып-кептіріп түрлі-түсті бояу дайындай білген. Атап айтқанда, ақбас жусан (*achillea millefolium*) мен боз жусанды (*artemisia glauca*) қосып бірге қайнатып ашық сары түсті бояу алған (Әлімбаев 2017: 147). Ал зерттеуші С.М. Дудин, бояу әзірлеу үшін қайнап жатқан суға жүнді бірнеше қайталап салып, бояу қоспаларын қоса отырып, қажетті түске оның өң-түсін келтірген дейді (Дудин 1928: 84).

Боялған киімді күтіп кимесе уақыт өте келе оның түсі оңып кететін атақты Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы мынадай екі жол өлең арқылы сипаттап кетеді:

Кісіге күтіп кимес киім болып,

Өң берген неше түрлі кетті бояу (Көпейұлы 2003: 133).

Жазушы Сәбит Мұқанов қазақтар мал терісін негізі сырт киім үшін пайдаланғанын, одан қаптама және камзолша деп аталатын екі тон түрі дайындағанын айта келе, қаптама – суыққа сырттан киетін тон, ал камзолша – етегі тізеден биік келетін тон, деп түсініктеме береді (Мұқанов 1974: 114). Қаптамаға «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» мынадай анықтама берілген: «басқа киімдердің сыртынан басқа киілетін, мол қып тігілген сырт киім» [Кеңесбаев, 1961, 36]. Қаптаманың қыстық киім екені, дауылпаз ақын Махамбет Өтемісұлының «Бағаналы терек» деген өлеңінде келесідей көркем суреттеледі:

Орай да борай қар жауса,

Қалыңға боран борар ма!

Қаптал соққан боранда

Қаптама киген тоңар ма! (Байділдаев 1984: 231).

Жоғарыда айтылып кеткен, қолғап пен байпақты иленген қозы-лақ терісінен де жасаған. Жылқы, сиыр терісінен көбіне белбеулер мен аяқ киімдер тіккен. Ескере кететін жайт, жүні бар терілерден қыстық, ал түгі қырылған, яғни түксіз терілерден маусымдық киімдер тігілген. Жабайы аң терісінің түгі ұйпаланып, тырыспай ұзақ мерзімге шыдас беретінін, киген кезде жеңіл, әрі бойдағы жылуды жақсы сақтайтынын байқаған қазақтар, төрт түлік мал терісімен қатар олардың да терісін сырт киім тігуде қолданған. Мысалы, жоғарыда аталған кеудеше, тон секілді киімдерді тігуде марал, ақбөкен терілерін де пайдаланған.

Сондай-ақ, қазақтар аққу, гагара (ірі теңіз құсы – авт.) және аққұтан мамығынан сырт киім тігу техникасын да білген. Ол туралы академик Ә. Марғұланнның зерттеу еңбегінде, 1878 жылы Ақмолада өткен қазақтың халық қолөнері көрмесінде гагара мамығынан тігілген тон жұртшылыққа көрсетілгенін, бұдан басқа келесі бір тон Қорғалжын көлінің маңындағы ауылда дайындалып, ол біркелкі қара-көк түсті, сопақша төртбұрышты бөліктерден құрастырылып, әрі жіңішке қара жолақтармен көмкерілгенін айтып кетеді (Маргулан 1986: 109). Ал, зерттеуші Р.Ш. Кукашевтің мақаласында Алматы қаласынан 45 шақырым қашықтықта орналасқан Қарғалы елді-мекенінің тұрғынында Досмайыл бақсы қолданған аққу бөрік сақталғаны жазылған. Баскиім бақсыға әкесі Күйіктен мұраға қалған. Досмайыл бақсы аққу бөрікті ем-дом жасау кезінде тұтынған (Кукашев 2002: 39-40). Қазақтан шыққан тұңғыш ғалым Шоқан Уәлихановтың қарындасы Тәжібай Уәлиханованың күні бүгінге дейін сақталған аққу мамық ішігі бар. Ішік аққудың

кеуде тұсы терісінен тігіліп, жібек матамен тысталған (Какабаев 2009: 460). Қазақтың дәулетті ортасы бас киім мен ішіктің кейбірін тігуде бағалы саналатын қасқыр, түлкі, бұлғын, кәмшат, жанат, құндыз, күзен, сусар тәрізді түз тағыларының терілерін кеңінен қолданған. Бұл сөзімізге ғалым Ә. Марғұлан келтірген мына дерегі толық дәлел болады: «Қазақтар құлан, сайғақ және жолбарыс терілерін, сондай-ақ терісі қара түсті аңдар: жанат, сүлік, бұлғын мен құрқылтайды және ақ түсті ақкіс пен күзен терілерін жоғары бағалаған. Әсіресе бұлғын мен сасық күзеннің терілері өзге аңдардың терілеріне қарағанда әлдеқайда құнды болған» (Марғулан 1986: 109). Жағасына құндыз, ілбіс, сусар, сілеусін, бұлғын тәрізді аң терілері қондырылған ішік, тон, шапан секілді сырт киімдер жағалы киімдер қатарына жатқызылған. Жағалы киім (бағалы киім) иесінің дәрежесін, әл-ауқатын, мәртебесін білдіреді. Дәулеттілер күнделікті кесе, тұрмысы орташалар той-жиындарда ғана арнайы киді. Жағалы киім кигізу ғұрпы құдаласу (киіт құрамындағы басты сый), сыйлы қонаққа тарту-таралғы жасау кезінде де, сонымен қатар, кінәлі жақ айыбын өтеуде орын алды.

Киімге мата түрлерін де қажетіне қарай пайдаланған. Барқыт, шұға, манат, мауыт, қырмызы, атлас, торғын қамқа сияқты қымбат мата түрлерімен ішік тәрізді киімдердің сыртын тыстаған. Мұндай бағалы маталар киімнің құнын арттыра түскен. Сондай-ақ, Қазақстанға сауда-саттық, тауар қатынастары барысында көршілес елдерден келген дүрия, торғын, шағи, лейлек, патсайы, бәтес, сусыма, шәйі, атлас, сұпы секілді мата түрлерінен негізі әйелдер көйлектерін тіксе, атлас тәрізді матаны ерлердің шапан жағасына қондырып тіккен. Қай кезде болмасын үнемі сұраныста болатын сапалы, құнын жоймайтын матаны қазақ «...мата даңқымен бөз өтер», дейді. Ер адамдар шыт, бөзден – жейде, дамбал, барқыт, қыжымнан – тақия, жалбағай, шапан, шалбар киді. Мұндай материалдарды киімге қосып тіккен кезде оған өң беріп, киген адамның ажарын аша түскен. Содан шыққан болса керек, қазақта «...адам көркі – шүберек», деген әсемдікті, көркемдікті насихаттайтын әдемі мақал бар.

Қазақтың ұлттық киім түрлерінің құрылымын, оларды төмендегідей атауларымен төрт топқа бөлуге болады:

1. бас киімдер: мұрақ, қалпақ, тымақ, елтірі тымақ, қарсақ тымақ, суыр тымақ, жекей тымақ, сеңсең тымақ, бөрік, бұлғын бөрік, құндыз бөрік, пұшпақ бөрік, суыр бөрік, елтірі бөрік, күләпара, тақия, телпек, сәукеле, кимешек, орамал және т.б.

2. сырт киімдер: бешпент, камзол, шапан, шекпен, жадағай, күпі, тон, бүрмелі тон, былғары тон, тон ішік, қаптал тон, кестелі тон, дақы, тайжақы, ішік, қасқыр ішік, түлкі ішік, пұшпақ ішік, қаракөл ішік, елтірі ішік, әйел ішік, мамық ішік, бота ішік, шолақ ішік және т.б.

3. бой киімдер: көйлек, қыз көйлегі, қатарма етек көйлек, тік етектегі көйлек, қос етектегі көйлек, бүрмелі қос етек көйлек, шалбар, жарғақ шалбар, кестелі жарғақ, былғары шалбар, жырым балақ пүліш шалбар, жырым балақ күдері жарғақ, бала шалбары, белдемше және т.б.

4. аяқ киімдер: етік, әйел етігі, оюлы етік, бестақа етік, жібек етік, ақтабан етік, саптама етік, шоқайма етік, мықшима етік, мәсі, кестелі мәсі, шетік мәсі, кебіс, лақабас кебіс, құймалы кебіс, кең ауызды кебіс, бала байпағы, шабата және т.б.

Қазақ ерте кезден күні бүгінге дейін бас киімге құрметпен қарайды. Байырғы дәстүрлі қазақы ортада бағым кетеді деп басындағы бас киімін әлдебіреуге сыйламаған, бәлесі жұғады деп өзгенікін кимеген. Осындай сенімнен болса керек киіп жүрген бас киімін

біреуге бермеген. Сондықтан да әрқайсымыз үшін бас киім құндылықтардың зоры деп санаймыз. Бас киімді аяқ астына тастап, оны аттағанды кие ұрады, деген ертеден келе жатқан наным бойынша, оны әрдайым жоғары қойып, киіз үй ішіндегі адалбақан, кереге басына ілген. Қазақтың осындай тәрбиелік мәні бар жоғары мәдениеті тұрып, оны өзгелерден іздеуіміздің қажеті шамалы. Сырт киімдер тек қана тұрмыстық қажеттілікті өтейтін бұйым ғана емес, сонымен бірге ұлттық болмыс пен мәдениеттің көрінісі болып табылады. Киімдер жыл мезгілдеріне қарай тігілді, әрі өмір сүріп жатқан жерінің күн райын ескеріп, шыдас беруін қаперде ұстады. Практикалық жағын ескерді. Іш киімдер ерекше ыждағаттылықты қажет етті, олар жұмсақ табиғи маталардан тігілді, әрі адам дене бітімін көрсетпей жинақы етіп жасалды. Аяқ киімдер жүріп-тұруға, көшіп-қонға ыңғайлы етіп тігілді. Жергілікті ерекшеліктер ескерілді. Бір мақалада барлық киім түрін қамту мүмкін болмағандықтан, кейбіріне ғана тоқталдық және ол мысал ретінде Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінде (әрі қарай – ҚРҰМ) сақталған, дәстүрлі қазақы ортада қолданыста болған киімдер сипаттамасымен берілді.

Қазақ қоғамында бастапқыда мұрақты тек хан, сұлтан дәрежесіндегі тұлғалар киген болса, XIX ғасырдың II жартысынан бастап билер де кие бастады. Мысалы, 1860 жылы Санкт-Петербург қаласында Ресей императорының қабылдауында болған Орынбор облысы қазақтарының 4-ші депутациясының өкілдері бейнеленген фотоқұжатта олар түгелге дерліктей бастарына мұрақ киген (1-сурет). Фотоқұжатты визуалды сөйлетсек, онда қазақтың сол кездегі би, ру басылары, түрлі әскери шендегі сұлтандары С. Бекшорин, М. Тәукин, Е. Қасымов, Б. Шегенов, М. Жантөрин, А. Байғанин,

1-сурет. Салтанатты киімдегі қазақтар. Санкт-Петербург, 1860 ж.



Ескертпе. Фотоқұжат Тимур Болсынбектің мақаласынан алынды (Болсынбек 2024: 62)

Е. Төлепов, Ә. Сейдалин, Ғ. Есенбаев сондай-ақ Орынбор қазақтары облысы бастығының көмекшісі, депутация приставы Л.Н. Плотников бейнеленген. Барлығы жоғары шенді қызметтер атқарған. Қазақтың сол кездегі би-сұлтан, тархандардың лауазым-дәрежесіне сай бай ұлттық, әрі әскери киім киінген. Бастарында мұрақ, бөрік, үстілерінде қымбат матадан тігілген шапан, кеуделерінде төс белгі, белдерінде кемер белдік және т.с.с. сән-салтанатымен көрсетілген (Болсынбек 2024: 61-63). Ғұрыптық мәні бар қалпақ – мәртебенің, биліктің символы іспеттес. Мұрақтың ел ішінде айыр қалпақ, сәукеле қалпақ деген атаулары да бар.

ҚРҰМ қорындағы (нқ 5678) мұрақ қою қызыл түсті барқытпен тысталған (2-сурет). Қалпақ конус пішінді етіп тігілген, биік шошақ төбелі, етегін сәл кеңдеу етіп қайырған. Бүтін пішілген сайы мен қайырмасы екі бөліктен тұрады.

2-сурет. Мұрақ. ҚРҰМ қорынан (нқ 5678)



Қалпақтың екі жанынан жырық жасалған. Кигенде жырық арқылы жоғары қарата қайырылады. Төбесінен етегіндегі түрмесіне дейін арнайы зер жіптен көгеріс өрнегімен кестеленіп, нақышталған. Аралықтарына жапсырмалар салынып, бүртіктер қадалған. Бас киім Сыр өңірінде тігілген. Биіктігі 38 см, милық шеңбері 60 см.

Қазақтың ұзатылып бара жатқан қызы киетін сәукеле ғұрыптық, әрі салтанатты бас киімге жатады. Ол туралы XIX ғасырда қазақ даласында болған поляк суретшісі Б. Залесский, қалыңдық киетін сәукеленің төбесі биік, оның сыртынан иегі мен мойнын, тіпті иығына дейін бет-аузын тұтасымен жауып тұратын ақ жаулық жамылады, дейді (Залесский 1991: 61).

ҚРҰМ қорындағы сәукеле (нқ 7266) конус пішінді, төбесінің биіктігі 30 сантиметрге жуық (3-сурет). Негізі киізден жасалған бас киімнің сырты матамен тысталып, жоғарғы және алдыңғы жағы, қаптал бөліктері жапсырмалармен безендірілген. Жапсырмаларға көлемі мен пішіні әр түрлі формадағы ақық, әйнек, халцедон және күміс әшекейлер қондырылған. Үстіңгі жиегіне қызылмаржан моншақтар орнатылған. Екі қапталындағы жақтауларының сыртқы жиектері тік төртбұрышты пластиналармен көмкерілген. Сәукеледе түсі қоңыр-қызыл барқыттан тігілген, пішіні конус келген зере және екі қапталымен желке тұсында орналасқан үш құлақша бар. Құлақшалардың төменгі жағы салпыншақтармен әшкейленген. Зеренің артқы жағы сызықтармен сырылып, маңдай тұсы аң терісімен жұрындалған. Бас киім Маңғыстау өңірінде тігілген. Өлшемі: 30 x 20 см.

Шапан қазақтардың ерте кезден киген киімдерінің бір екенін зерттеуші А. Левшин де растайды.

3-сурет. Сәукеле. ҚРҰМ қорынан (нқ 7266)



ҚРҰМ қорында (нқ 5336) қазақтың танымал биі, мемлекет қайраткері Қазыбек би Келдібекұлының (1667-1763 жж.) шапаны сақталған (4-сурет). Шапан тығыздалған жібек матадан тігіліп, алтын, күміс металл құймалары қосылған жіппен өрнектеліп нақышталған.

4-сурет. Шапан. ҚРҰМ қорынан (нқ 5336)



Жаға, өңір және жең ұштары қазақтың көгеріс, ағаш сабағы, өсімдік тектес, жұлдызгүл, құс қанаты, құмыра, ирек, гүл жапырақ өрнектерімен безендіріліп, кестеленген. Алдыңғы бөлігі ашық желбегей, қаусырмалы, қолтық астынан етегіне дейін үшкілденіп қиылған. Өлшемі: шапанның жалпы ұзындығы: оң жағы 135 см, сол жағы 134 см; жең ұзындығы: оң жағы 70 см, сол жағы 70 см, жаға ұзындығы 122 см.

Киім атауымен байланысты кейбір ұғымдар мен атаулар:

Кебенек – қалың киізден, жүннен тігілетін қыстық сырт киім.

Қамзол – көйлек сыртынан киетін жеңді, жеңсіз киім.

Қамқа – алтындатқан, күмістеткен жіппен тығыз тоқыған жібек мата.

Ішкиім – жұқа кездеме матадан тігілген киім, көйлек, дамбал.

Ішік – жабайы аңның, малдың терісінен жасалған сырт киім.

Ышқыр – шалбар мен дамбалдағы бау өткізетін жер.

Ыштан – іш киім, дамбал.

Ызу – жіңішкелетіп матадан бау тігу.

Шұлғау – аяқты орайтын төрт бұрышты шүберек мата.

Шүйкелеу – түйдектеп орау, шумақтау.

Шүйке – шумақ жүн.

Шүберек – матадан қиылған бөлшек, кесіндісі.

Шуда – түйенің қылшықты жүні.

Шидем – қой жабағысынан сырып тігілген жеңді сырт киім.

Шекпен – тыстық матадан сырып тігілген сырт киім.

Шәлі – түбіттен (жүн жіптен) тоқылған, матадан әзірленген көлемі үлкен орамал.

Шалма – айналдыра басты орайтын, үш-төрт кез ақ түсті матадан істелген сәлде.

Шалбар – балағы ұзын, бұтқа киетін киім.

Мәсі – жұмсақ былғарыдан тігіліп, етік ішінен киілетін табаны тегіс, өкшесіз аяқ киім.

Шабата – жазда киетін жеңіл аяқ киім, шәркей.

Шебелет – жаз мезгілінде киетін ер адамдардың жеңіл аяқ киімі.

Шоңқайма етік – былғарыдан тігілген, қонышы тізеден жоғары келген, биік тақалы аяқ киім.

Осы тұста қазақтың байырғы ұлттық киімдері қазіргі заманғы қазақтың ұлттық киім түрлерімен үндесе ме, деген сұрақ өздігінен туындайды. Бұрынғы мен қазіргінің арасында белгілі бір дәрежеде үндестік бар. Мәдени және көркемдік элементтер сақталған. Байырғы киімдерде қолданылған қошқар мүйіз, сыңар мүйіз, өсімдік тектес, тұмарша т.с.с. ою-өрнектер; ақ, қара көк, жасыл, қызыл, сары сияқты символикалық мәнге ие түстер палитрасы; сәукеле, шекпен, камзол т.б. киімдерді кестелеу, оларды түрлі зергерлік әшекейлермен безендіру секілді элементтер қазіргі ұлттық киімдерде жалғасын тапқан. Ертеден келе жатқан шапан, бешпент, камзол сияқты киімдер қазіргі заман талабына сай бейімделіп, бүгінде заманауи стильде қайта тігілуде. Мұндай киімдер қазіргі дизайнерлік киімдер үлгісіне негіз болып отыр [5-сурет].

Қазақтың қазіргі заманғы ұлттық киім үлгілері тек салтанатты жиындарда, ұлттық мерекелерде ғана емес, сонымен бірге жеңіл маталарды қолдану, заманауи пішім мен үлгілерді енгізу, уақыт ағымына қарай дизайнерлік жаңашыл көзқарастың артуы күнделікті өмірде де киюге ыңғайлы тігіліп, қолданысқа енгізілуде. Бұрынғы мен қазіргі киімдерден келесідей айырмашылықтарды аңғаруға болады. Байырғы киімдер негізінен жүн, тері, былғары, жібек сияқты табиғи өнімдерден тігілген болса, осы заманғы киім үлгілерінде көбінесе синтетикалық немесе аралас маталар көбірек қолданылады. Ертедегі киімдердің әрбір элементі әлеуметтік, жастық, өңірлік және рулық өзгешелік пен мәртебені білдірсе, қазіргі киімдерде бұл белгілер жоғалып барады. Дегенмен, екеуінің арасында тарихи, көркемдік және рухани сабақтастық бар. Қазіргі киімдер ұлттық болмысты сақтай отырып, өткеннің негізінде дамып, заманға сай енгізілуде.

Қорытынды

Қазақтың ұлттық киімі – халықтың көп ғасырлық тарихы, дүниетанымы мен эстетикалық санасының көрінісі іспеттес. Онда ұлттың рухы, тарихы, салт-дәстүрі жатыр.

Киімнің маңыздылығын түсіну, өз болмысымызды тану мен құрметтеудің жолы. Ұлттық құндылықты ұлықтаудың төте жолы. Қазақтың бас киімі – адамның мәртебесі мен жас ерекшелігін, бой киімі – күнделікті тіршілікті сипаттайды, сырт киімі – табиғатпен үндестікті білдіреді, ал аяқ киімі – кең дала өміріне бейімделуді бейнелейді. Қазіргі уақытта ұлттық киім элементтері қайта жаңғырып, заманауи сәнге сай түрленіп, ұлттық код пен мәдени мұраны сақтаудың құралына айналып отыр.

Қаржыландыру. Мақала «Дөңгеленген дүние: қазақ дала өркениетінің мәдени коды» тақырыбындағы бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру ғылыми жобасын жүзеге асыру аясында дайындалды (BR22082508).

Авторлардың қосқан үлесі:

Болсынбек Т.Н. – зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізін қалыптастырып, қазақтың дәстүрлі киімін этномәдени феномен ретінде талдаудың ғылыми тұжырымдамасын айқындады. Сонымен қатар ол тарихи және этнографиялық дереккөздерді іріктеу, жүйелеу және интерпретациялау үдерісіне жетекшілік етіп, мақаланың ғылыми логикасы мен құрылымын айқындады.

Кадримбетова Н.Н. – мақаланың деректік-талдамалық бөлігін жүзеге асырып, орыс және отандық зерттеушілердің еңбектері, әдеби деректер мен музейлік материалдар негізінде қазақтың ұлттық киім түрлеріне салыстырмалы талдау жүргізді. Сондай-ақ иллюстративтік материалдарды (фотоқұжаттар, музей экспонаттары) ғылыми сипаттап, негізгі қорытындыларды тұжырымдауға және мәтінді рәсімдеуге үлес қосты.

Әдебиеттер тізімі

1. Поездка из Орска в Хиву и обратно (1851), совершенная в 1740-1741 годах Гладышевым и Муравиным / изд. с приобщением соврем. карты Миллерова пути от Орска до Зюнгар. Владений и обратно, Я.В. Ханыковым, дейст. чл. Имп. Рус. геогр. о-ва; авт. предислов. Я. Ханыков. Санкт-Петербург, [2], 85 с.
2. Левшин, А.И. (1832) Описание киргиз-кайсацких или киргиз-казачьих орд и степей. Часть 2: Исторические известия. Санкт-Петербург: Типография Карла Крайя, 330 с.
3. Захарова, И.В., Ходжаева, Р.Д. (1964) Казахская национальная одежда: XIX – начала XX вв. Алма-Ата: Наука, 178 с.
4. Қазақтың дәстүрлі киім-кешегі (2009). Ғылыми каталог (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде). Ғылыми редактор және жоба жетекшісі Нұрсан Әлімбай. Алматы: Өнер, 344 б.
5. Қазақтың этнографиялық категориялар (2017), ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. Ғылыми редактор және жоба жетекшісі Н. Әлімбай. 1-5 тт. Алматы: «Алем Даму Интеграция».
6. Болсынбек, Т. (2021) «Жүн ұқсату үрдісіндегі халықтық атаулар мен ұғымдар», «XIII Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары, бб. 339-344.
7. Мұқанов, С. (1974) Халық мұрасы. Алматы: Қазақстан, 236 б.
8. Бес ғасыр жырлайды: (1984) XV ғасырдан XX ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын-жырауларының шығармалары. Үш томдық. Бірінші том. /Жауапты шығарушы М. Байділдаев. Алматы: Жазушы, 256 б.

9. Кукашев, Р.Ш. (2002) «К образу лебедя в казахском шаманстве», Этнографическое обозрение, №6, стр. 38-44.
10. Какабаев, Б.С. (2009) «К семантике использования птичьих шкур в отделке казахского костюма», Орталық музей еңбектері. II басылым. Алматы: Балалар әдебиеті, стр. 457-463.
11. Болсынбек, Т. (2017) Ақбас жусан, Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 1-том. Ғылыми редактор және жоба жетекшісі Нұрсан Әлімбай. Алматы: ТОО «Алем Даму Интеграция», 147 б.
12. Дудин, С.М. (1928) «Ковровые изделия Средней Азии», СМАЭ, Т. VII, стр. 71-166.
13. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы (2003). Шығармалары. 1 том. Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 436 б.
14. Bolsynbek, T. (2024) 'The history of Kazakhstan in the materials of the West Kazakhstan regional history and local lore museum (second half of the 19th century – first quarter of the 20th century)', Мәдени мұра, №3 (106), бб. 59-72.
15. Залесский, Б. (1991) Қазақ сахарасына саяхат. Алматы: Өнер, 132 б.

Т.Н. Болсынбек, Н.Н. Кадримбетова

Национальный Музей Республики Казахстан, Астана, Казахстан

(E-mail: tbolsynbek77@gmail.com, n.kadrimbetova@gmail.com)

Казахская национальная одежда – важный и неотъемлемый атрибут казахской культуры

Аннотация. Национальная одежда является важной и культурной ценностью, поскольку отражает историю, образ жизни и мировоззрение конкретного народа. В этом контексте традиционная одежда казахов выступает неотъемлемым символом культуры и духовной идентичности нашего народа. В данной научной статье национальная одежда казахов рассматривается и анализируется с этнокультурной точки зрения. В качестве первоисточников используются сведения тюрколога А.И. Левшина, поручика Д. Гладышева и геодезиста И. Муравина – российских исследователей, описавших в XVIII веке историю казахов, их духовную жизнь и материальную культуру, включая особенности национальной одежды, а также материалы польского художника Б. Залесского. Кроме того, в исследовании опираются на труды отечественных этнографов и ученых, таких как Ә.Х. Марғұлан, И.В. Захарова, Р.Д. Ходжаева, Р.Ш. Кукашев, Н.Ә. Әлімбай, Б.С. Какабаев, писатель С.М. Мұқанов и других исследователей, изучавших виды казахской национальной одежды. Также в качестве доказательства того, что некоторые элементы национального костюма использовались в традиционной казахской среде с древних времен, в статье приводятся примеры из поэтического наследия казахского акына XIX века – Махамбета Өтемісұлы. В статье подробно рассматривается, что древние казахи изготавливали различные виды одежды из пряжи, полученной из шерсти домашних животных: шали, шарфы, безрукавки, шапаны, кепеши (стёганные халаты), варежки, носки и т.д. А из выделанных шкур скота шили верхнюю одежду и обувь – такие как тон, кафтан, камзол и прочие изделия. Также подчёркивается, что зажиточные и знатные слои казахского общества использовали шкуры диких животных и птиц – лебедя, гагары, волка, лисицы, бобра, выдры, куницы, соболя, норки – для пошива особенно ценных головных уборов и верхней одежды. Одежду также отделывали и подбивали дорогостоящими тканями, такими как манат, бархат, сукно, мауыт (шерстяная ткань), атлас, крѣп, парча и др. Для пошива платьев и других предметов одежды использовались ткани вроде торғын, дүрия, шағи, лейлек, батист, патсайы, сусыма, атлас, шәйі, сұпы и др.

Традиционные виды казахской одежды в статье классифицируются на четыре основные группы: головные уборы, верхняя одежда, нательная одежда и обувь, при этом подробно описываются особенности каждой группы. В качестве иллюстративного материала приводятся фотодокументы, в том числе изображения представителей IV депутации казахов Оренбургской области в парадных национальных костюмах, сделанные во время их аудиенции у императора Российской империи в Санкт-Петербурге в 1860 году. Также представлены фотографии и описания ряда костюмов из фондов Национального музея Республики Казахстан. Помимо этого, в статье даются разъяснения некоторых понятий и терминов, связанных с наименованиями традиционных казахских элементов одежды.

Ключевые слова: одежда, мурак, саукеле, чапан, каптама, шкура, шерсть, головные уборы, нательная одежда, верхняя одежда, обувь, фотодокумент.

T.N. Bolsynbek, N.N. Kadrimbetova

National Museum of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan

(E-mail: tbolsynbek77@gmail.com, n.kadrimbetova@gmail.com)

Kazakh National Clothing – an Important and Inseparable Attribute of Kazakh Culture

Abstract. National clothing is an important cultural asset, as it reflects the history, lifestyle, and worldview of a particular people. In this context, traditional Kazakh clothing is an integral symbol of the culture and spiritual identity of our people. In this scientific article, Kazakh national clothing is examined and analysed from an ethnocultural perspective. The primary sources used are the works of Turkologist A.I. Levshin, Lieutenant D. Gladyshev, and surveyor I. Muravin, a Russian researcher who described the history of the Kazakhs, their spiritual life and material culture, including the characteristics of national clothing, in the 18th century, as well as materials by Polish artist B. Zaleski. In addition, the study draws on the works of domestic ethnographers and scholars such as A.Kh. Margulan, I.V. Zakharova, R.D. Khojayeva, R.Sh. Kukashev, N.A. Alimbay, B.S. Kakabayev, writer S.M. Mukanov, and other researchers who studied types of Kazakh national clothing. As evidence that some elements of national costume have been used in traditional Kazakh culture since ancient times, the article cites examples from the poetic heritage of the 19th c. Kazakh poet Makhambet Otemisuly. The article discusses in detail how the ancient Kazakhs made various types of clothing from yarn obtained from the wool of domestic animals: shawls, scarves, sleeveless jackets, shapans, kepeshi (quilted robes), mittens, socks, etc. And from the tanned hides of livestock, they sewed outerwear and footwear, such as tunics, caftans, camsoles, and other items. It is also emphasised that the wealthy and noble classes of Kazakh society used the skins of wild animals and birds – swans, loons, wolves, foxes, beavers, otters, martens, sables, and minks – to make particularly valuable headwear and outerwear. Clothes were also decorated and lined with expensive fabrics such as manat, velvet, cloth, mauyt (woollen fabric), satin, crepe, brocade, etc. Fabrics such as torgyn, dyuria, shagi, leylek, batiste, patsaiy, susima, satin, shayi, supy, etc. were used for sewing dresses and other items of clothing. Traditional types of Kazakh clothing are classified in the article into four main groups: headwear, outerwear, underwear, and footwear, with detailed descriptions of the characteristics of each group. Photographic documents are provided as illustrative material, including images of representatives of the 4th delegation of Kazakhs from the Orenburg region in ceremonial national costumes, taken during their audience with the Emperor of the Russian Empire in St. Petersburg in 1860. Photographs and descriptions of a number of costumes from the collections of the National Museum of the Republic of Kazakhstan are also presented. In addition, the article explains some of the concepts and terms related to the names of traditional Kazakh clothing items.

Keywords: clothing, muraq (traditional headdress), saukele (traditional Kazakh bridal headdress), chapan (traditional robe or coat, often worn by men), qaptama (covering garment), leather, wool, headwear, body garment, outerwear, footwear, photodocumentation.

References

1. Poezdka iz Orska v Hivu i obratno (1851), sovershennaya v 1740-1741 godah Gladyshevym i Muravinym / izd. s priobshheniem sovrem. karty Millerova puti ot Orska do Zyungar. Vladenij i obratno, Ja.V. Hanykovym, dejst. chl. Imp. Rus. geogr. o-va; avt. predislov. Ja. Hanykov. Sankt-Peterburg, [2], 85 s. [in Russian]
2. Levshin, A.I. (1832) Opisanie kirgiz-kajsakskih ili kirgiz-kazach'ih ord i stepej. Chast' 2: Istoricheskie izvestiya. Sankt-Peterburg: Tipografiya Karla Kraja, 330 s. [in Russian]
3. Zaharova, I.V., Hodzhaeva, R.D. (1964) Kazahskaya nacional'naya odezhda: XIX – nachala XX vv. Alma-Ata: Nauka, 178 s.
4. Kazaktyn dastyrlı kiim-keshegi (2009). Gylymi katalog (kazak, orys, agylshyn tilderinde). Gylymi redaktor zhane zhoba zhetekshisi Nyrsan Alimbaj. Almaty: Oner, 344 b. [in Kazakh]
5. Kazaktyn jetnografıyalyk kategorıjalar (2017), ygymdar men ataularynyn dastyrlı zhyjesi. Jenciklopediya. Gylymi redaktor zhane zhoba zhetekshisi N. Alimbaj. 1-5 tt. Almaty: «Alem Damu Integraciya». [in Kazakh]
6. Bolsynbek, T. (2021) «Zhyn yksatu yrdisindegi halyktyk ataular men ygymdar», «XIII Orazbaev okulary» halykaralyk gylymi-adistemelik konferenciya materialdary, bb. 339-344. [in Kazakh]
7. Mykanov, S. (1974) Halyk myrasy. Almaty: Kazakstan, 236 b. [in Kazakh]
8. Bes gasyr zhyrlajdy: (1984) XV gasyrdan XX gasyrdyn bas kezine deingi kazak akyn-zhyraularynyn shygarmalary. Ysh tomdyk. Birinshi tom. /Zhauapty shygarushy M. Bajdildaev. Almaty: Zhazushy, 256 b. [in Kazakh]
9. Kukashev, R.Sh. (2002) «K obrazu lebedya v kazahskom shamanstve», Jetnograficheskoe obozrenie, №6, str. 38-44. [in Russian]
10. Kakabaev, B.S. (2009) «K semantike ispol'zovaniya ptich'ih shkurok v otdelke kazahskogo kostyuma», Ortalyk muzej enbekteri. II basylım. Almaty: Balalar adiebieti, str. 457-463. [in Russian]
11. Bolsynbek, T. (2017) Akbas zhusan, Kazaktyn jetnografıyalyk kategorıjalar, ygymdar men ataularynyn dastyrlı zhyjesi. Jenciklopediya. 1-tom. Gylymi redaktor zhane zhoba zhetekshisi Nyrsan Alimbaj. Almaty: TOO «Alem Damu Integraciya», 147 b. [in Kazakh]
12. Dudin, S.M. (1928) «Kovrovye izdeliya Srednej Azii», SMAJe, T. VII, str. 71-166. [in Russian]
13. Mashhyr-Zhysip Kopejly (2003). Shygarmalary. 1 tom. Pavlodar: «JeKO» GOG, 436 b. [in Kazakh]
14. Bolsynbek, T. (2024) 'The history of Kazakhstan in the materials of the West Kazakhstan regional history and local lore museum (second half of the 19th century – first quarter of the 20th century)', Madeni myra, №3 (106), pp. 59-72.
15. Zaleskij, B. (1991) Kazak saharasynda sayahat. Almaty: Oner, 132 b. [in Kazakh]

Авторлар туралы мәлімет:

Болсынбек Т.Н. – тарих магистрі, Мәдени мұраны ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкері, Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі, Астана, Қазақстан.

Кадримбетова Н.Н. – хат-хабарға жауапты автор, PhD, Мәдени мұраны ғылыми-зерттеу институтының басшысы, Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі, Астана, Қазақстан.

Болсынбек Т.Н. – магистр истории, научный сотрудник научно-исследовательского института культурного наследия, Национальный Музей Республики Казахстан, Астана, Казахстан.

Кадримбетова Н.Н. – автор для корреспонденции, PhD, начальник научно-исследовательского института культурного наследия, Национальный Музей Республики Казахстан, Астана, Казахстан.

Bolsynbek T.N. – Master of History, Researcher at the Research Institute of the Cultural Heritage, National Museum of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan.

Kadrimbetova N.N. – corresponding author, PhD, Head of the Research Institute of the Cultural Heritage, National Museum of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan.



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).